

«Мемлекеттік тіл – менің тілім» фестивалінің жеңімпаздары

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ұйымдастыруымен 2023 жылдың 28 ақпанында Қарағанды қаласы ЖОО мен колледж студенттері арасында «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты фестивалі өтті. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, мемлекеттік тілді жетік білетін студенттерді ынталандыру мақсатында өткізілген шараға өзге ұлт өкілдерінен құралған топтар қатысып, қазақ тілі мен әдебиетінен, мәдениеті мен тарихынан алған білімдерін ортаға салды. Аталған шараға Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің Басқарма Төрағасы — Ректоры, т.ғ.д., профессор М.К.Ибатовтың қолдауымен, қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Қ.С.Қалыбекованың жетекшілігімен, қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы ұжымының дайындауымен университет атынан «Сағынов сұңқарлары» тобы қатысты. ЭЭ-20-4 тобынан Кифель Франц, Лог-20-2 тобынан Волоконцев Андрей, ВТ-22-2 тобынан Вайскербер Екатерина, НД-22-2 тобынан Гержик Владимир, Бопежанова Еркежан, БЖД-22-2 тобынан Болатжан Замира «Таныстыру», «Бір көрініс», «Кім тапқыр?!», «Жорға» кезеңдері бойынша сайысқа түсіп, жүлделі ІІ орынға ие болды. Студенттер алғыс хаттармен марапатталып, ақшалай сертификатқа ие болды.

